


ЖАСТАРДЫҢ ТАЛПЫНЫСЫ — ЖАСЫЛ БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауларында жастарды ғылымға баулу мен жас ғалымдарды қолдау – елдің болашағы үшін аса маңызды екенін үнемі атап келеді. «Әділетті қоғам құру үшін ең алдымен білімді ұрпақ қажет» деген сөз бүгінгінің басты ұранына айналды. Соңғы жылдары жастардың ғылымға бет бұруы, тың идеяларды ұсынуы – ел дамуына қосылар зор үлес екені анық. Әсіресе, жастардың экологияны жақсартуға деген құлшынысы қуантады. Бұл – қоғамның табиғатқа деген көзқарасының өзгеріп келе жатқанының айғағы. Соның бір дәлелі – Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің докторанты Мейірбек Айтуғанның ғылыми жобасы. Жетекшісі Айсұлу Абдуова екеуі әзірлеген «Урбанизацияланған аумақтарды санациялау мақсатында Шымкент қаласының мысалында қалалық ортаның көпсалалық экологиялық моделін әзірлеу» тақырыбындағы зерттеуі толық аяқталып, қолдау тауып, жүзеге асса, тың серпін беретін еңбек болғалы тұр.

Біз жас ғалыммен әңгімелесіп, экологияға деген көзқарасы мен жобасының ерекшелігін сұрап білдік.

— Мейірбек, біз қазір «жасыл қала» дегенде тек гүлзарлар мен саябақтарды елестетеміз. Ал, сіздің ғылыми жобаңыздың бастауына не түрткі болды?

— Рас, көпшілік үшін экология – тек ағаш отырғызу немесе сенбілікке шығумен шектеліп қалуы мүмкін. Ал, шындығында, экология – адамның өмір сапасына тікелей әсер ететін үлкен жүйе. Қалада жүргенде кейбір көшелердің шаңға көміліп жататынын немесе жазда көлеңке таппай қиналатынымызды бәріміз білеміз. Сол қарапайым мысалдар маған ой салды. «Неге біз қаладағы әрбір өзгерісті ғылыми негізде жоспарламаймыз?» деген сұрақ осы жобаның басталуына себеп болды. Урбанизацияланған аумақтарды санациялау – бұл қалалық кеңістікте экологиялық тұрғыдан қолайсыз



Бүгінде Шымкент қаласының географиялық, экологиялық және антропогендік факторларын ескере отырып, кеңістіктік-талдамалық картасын жасадық. Оның басты мақсаты – қала аумағындағы ластану деңгейін анықтау, қауіпті аймақтарды картаға түсіру, және санацияға мұқтаж аумақтарды нақтылау. Шымкент – өнеркәсібі дамыған және көлік ағыны жоғары қала. Қазіргі уақытта автокөлік және өндіріс орындарының салдарынан атмосфераның ластануы, қалдықтарды басқарудың жеткіліксіз жүйесі, жасыл желктердің қысқаруы, каналдар мен шағын өзендердегі су ресурстары сапасының төмендеуі сынды экологиялық мәселелер ерекше байқалады. Біз жасаған модель осы факторларды кеңістіктік тұрғыдан талдай отырып, ластану ошақтарын нақты анықтауға мүмкіндік береді.

— Қазір қалада балалар алаңшалары, саябақтар жаңартылып жатыр. Сіздің жобаңыз мұндай іс-

— Қалдықтарды сұрыптап жинау және қайта өңдеу жүйесін дамыту, қаланың жасыл белдеулерін кеңейту және экологиялық коридорлар құру, қоғамдық көлікті экологиялық таза түрлерге ауыстыру сияқты ұсыныстар бар. Сондай-ақ, халық арасында экологиялық мәдениетті көтеру де – санацияның маңызды бөлігі. Біріншіден, ауа сапасы жақсарады. Көлеңкелі көшелер көбейеді, шаң азаяды. Екіншіден, тұрғындардың ауласы қолайлы, қауіпсіз болады. Балалар алаңсыз ойнайды, үлкендер тынығатын орын табады. Үшіншіден, адамдардың өздерінің табиғатқа деген жауапкершілігі артады. Яғни бұл тек инфрақұрылым емес, мәдениет қалыптастыруға да әсер етеді.

— Ғылым мен әкімдіктің, қоғам мен жастың бірлесе әрекет етуі қаншалықты маңызды?

— Өте маңызды. Себебі, ғылым дайын шешім ұсынады, әкімдік оны жүзеге асырады, ал халық күнделікті

банизацияланған аумақтарды санациялау – бұл қалалық кеңістікте экологиялық тұрғыдан қолайсыз немесе ластанған аумақтарды қайта қалпына келтіру, тазарту және оларды тиімді әрі қауіпсіз пайдалану мақсатындағы шаралар кешені. Бұл әсіресе бүгінгі таңда маңызды, себебі урбанизация процесі әлем бойынша қарқын алып, экологиялық тұрақсыздықты тудыруда. Шымкент қаласы да осы үрдістен тыс қалған жоқ. Қала қарқынды дамып, халық саны өсіп, өндірістік жүктеме артты. Осыған байланысты қала аумағының экологиялық жағдайына кешенді баға беру қажеттілігі туындап отыр.

— «Геоэкологиялық модель» дегенді қарапайым тілмен қалай түсіндіруге болады? Бұл кәдімгі карта секілді нәрсе ме?

— Иә, қарапайым тілмен айтсақ, картаға ұқсайды. Бірақ ол карта тек көшелер мен үйлерді ғана емес, қаланың экологиялық ахуалын көрсетеді. Қай жерде ауаның ластануы жоғары, қай тұста жасыл аймақ аз, судың сапасы қандай – бәрі көрінеді. Сол арқылы нақты қай ауданға қандай шешім қажет екенін анықтауға болады.

— Қазір қалада балалар алаңшалары, саябақтар жаңартылып жатыр. Сіздің жобаңыз мұндай істерге қалай ықпал етеді?

— Бұл жұмыстар – халық күткен қадамдар. Балалардың ойын алаңшалары, арықтардың қоршауы, сенбіліктер – бәрі экология мәдениетінің бір бөлігі. Бірақ оларды жүйелі жоспарлау қажет. Мысалы, кейбір жерде ойын алаңы бар, бірақ көлеңке жоқ. Немесе ағаш отырғызылды, алайда суғару жүйесі жасалмаған. Біз ұсынып отырған модель осындай мәселелерді алдын ала көрсетіп, жоспарды тиімді құруға көмектеседі. Қалалық ортаның тұрақты дамуы тек экономикалық емес, экологиялық қауіпсіздікке де тікелей байланысты. Урбанизацияланған аумақтарды санациялау – келешек ұрпаққа таза әрі қолайлы өмір сүру ортасын қалдыруға жасалған нақты қадам. Біз ұсынған геоэкологиялық модель осындай маңызды істе практикалық құрал бола алады деп сенеміз. Әрине, бұл жоба барлық қалаға жарайды және керек.

— Егер жоба жүзеге асса, қала тұрғындары қандай өзгерісті бірінші сезеді деп ойлайсыз?

— Өте маңызды. Себебі, ғылым дайын шешім ұсынады, әкімдік оны жүзеге асырады, ал халық күнделікті өмірінде соны сақтайды. Егер осы үшеуі үйлессе, біз нағыз «жасыл қаланы» құра аламыз.

— Жастардың экологияға қызығушылығы жайлы не айтасыз? Қарапайым мысал келтірсеңіз.

— Жақында ғана студенттер арасында сенбілікке қатысқан кезде бір қыз «Ағаш отырғыздық, бірақ ертең оны кім суғарады?» деп сұрады. Яғни жастар тек бір күндік шараға емес, оның жалғасына мән беріп отыр. Мен үшін бұл – үлкен үміттің белгісі.

Экология – тек табиғат жайлы ғылым емес, ол әрбір тұрғынның күнделікті тыныс-тіршілігімен сабақтас сала. Жас ғылым Мейірбек Айтұғанның бастамасы – соның айқын дәлелі. Жобаның жүзеге асуы қалаға жаңа тыныс беріп қана қоймай, жасыл болашаққа апарар жолдың бастауы болатыны анық.

Сұхбаттасқан
Салтанат ЖАМАЛДИНОВА